

*Сабақтың тақырыбы:
“Бояулар сыр шертеді”*



Егер сен өнерден ләззат алғың
келсе, онда өнер жөнінде білімдар
адам болуың керек.

К.Маркс

I-топ

«Акваварель»



II-топ

«Гуашь»



Акварель тобы:




Абстракты өнер	Суға жақсы еритін бояу
Автопортрет	Тақырыпсыз өнер шынайы бейнелігі жоқ өнер
Акварель	Адамның өз келбетін өзі бейнелеуі
Аппликация	Керегенің уық байланған бастарының сырт жағынан жүргізілетін жалпақ баяу
Басқұр	Жабыстыру немесе қиыстыру арқылы орындалған көркем шығарма
Батальды жұмыс	Матаға бояумен салынған сурет
Батик	Кеуделік мүсін
Бюст	Соғыс тақырыбы бейнеленген көркем шығарма
Витраж	Көркем шығармалық көрменің салтанатты ашылуы
Вернисаж	Ортағасырлық Еуропа өнері
Гобелен	Терезе немесе есік шыныларына салынған көркем суреттер мен өрнектер
Готика	Сурет салып тоқылған кілем

Гуашь тобы:



Гохуа	Кептірілген өсімдіктерді пайдалану арқылы жасалған көркем шығарма
Икебана	Кітап безендіруде қолданылатын көркем шығарма
Иллюстрация	жібек матаға бояумен орындалған қытай живописі
Классика	XX ғасырдың басындағы бейнелеу өнеріндегі модернистік ағым
Коллаж	Озық үлгідегі өнер
Кубизм	Теңіз көрінісін бейнелейтін суретші
Маринист	Әр түрлі маталарды жапсыру арқылы орындалатын көркем жұмыс
Мозаика	Көркем шығарманың бір бөлігі
Фрагмент	Әр түрлі шыны, тастардан жасалған сурет
Монументтік живопись	Дүние жүзіне әйгілі Париждегі бейнелеу өнері мұражайы
Миниатюра	Үлкен көлемді көркем безендіруде орындалған шығарма
Лувр	Өте нәзік көркемдік әдіспен жазылған көркем шығарма

Суретшілер шығармалары



Жұмбақтар сайысы.

I. Ақ сандығым ашылды
Ішінен жібек шашылды.

Ақ қойым тұрып кетті
Қара қойым жатып алды.

Айдалада ақ шатыр
Ішінде қызыл көзді шал.

жатыр

Қара суда суат жоқ
Қалың тауда бұтақ жоқ.

II. Қос ішекке қонақтаған қаланы
Қара тұлпар алға сүйреп барады.

Қара тайым мықты
Қара бием сүтті.

Қызыл сиырды байлап салдым
Көк сиырды айдап салдым.

Үстіндегі көйлегі түрлі – түсті не демек
Қызықтырар көргенді мұның атын не
демек.



Мақал – мәтелдер сайысы.



Өлеңге иллюстрация жасау.

Топтық жұмыс.

Берілген өлеңге тез арада нобайлар салу.

Жаз

Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жаны қылтылдап,
Ат айғырлар, биелер

Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап
Жоғары-төмен үйрек, қаз
Ұшып тұрса сымпылдап.

Абай Құнанбаев

«Достық әзіл сайысы» Яғни әзіл сурет
салады, соңынан суретші түсіндіріп,
ұтымды жауап береді.



ҚОРЫТЫНДЫ:

Әділқазылар ұпай саны бойынша жеңімпаз топты анықтайды. Жеңімпаз топты құттықтау.